

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі мемлекеттік мекемелерінің және оның аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 142 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 10 маусымда № 9490 тіркелді.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014.10.17 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 2) Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.10.24 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 3) Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а 15.10.2014 № 67 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Атом энергиясы комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесі;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесі;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Туризм индустріясы комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесі;
- 7) Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а 15.10.2014 № 67 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.
- 8) Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014.10.17 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
- 9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің тиісті облыстары, Астана, Алматы қалалары бойынша аумақтық органы – аумақтық департаменті туралы ережесі;

10) Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.10.24 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Әкімшілік-кадр жұмысы департаменті (А.К. Арыстанов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің жауапты хатшысы Б. Б. Атамқұловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының Индустрія

және жаңа технологиялар

министрі

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 142 бұйрығына
1-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар
министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті"
мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014.10.17 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 142 бұйрығына
2-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар
министрлігінің Инвестиция комитеті" мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.10.24 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 142 бұйрығына
3-қосымша

**"Қазақстан Республикасы
Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің
Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті"
мемлекеттік мекемесінің
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а 15.10.2014 № 67 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 142 бұйрығына
4-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар
министрлігінің Атом энергиясы комитеті" мемлекеттік мекемесінің**

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) атом энергиясын пайдалану саласындағы басшылықты жүзеге асыраты мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртандалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Комитеттің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған үәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Занды тұлғаның орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 10-үй, 13-кіреберіс, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты.

9. Мемлекеттік органның толық атауы –

мемлекетті тілде - "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергиясы комитеті" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - государственное учреждение "Комитет по атомной энергии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

- 1) атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;
- 2) өз құзыretі шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

- 1) атом энергиясын пайдалану саласындағы өз өкілеттіктерін пайдаланумен байланысты инспекциялар жүргізу;
- 2) атом энергиясын пайдалану саласындағы нормалар мен қағидалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 3) ядролық қондырғылардың, ядролық материалдар мен иондаушы сәуле көздерінің физикалық қорғанысының қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыру;
- 4) радиациялық қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының, лицензиялар шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағындағы радиациялық жағдайға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 6) өз құзыretі шенберінде ядролық материалдарды, технологияларды, жабдықтарды, арнайы ядролық емес материалдарды, иондаушы сәуле көздерін және ұлттық қауіпсіздік мақсатында бақыланатын тауарларды қамтитын, экспорттық бақылауға жататын өнімдердің экспорттына, импорттына, орын ауыстыруына, транзиті мен орналасуына бақылауды жүзеге асыру;
- 7) коммерциялық мақсаттарда беруді, сатуды немесе сатып алушуды немесе коммерциялық емес сипаттағы беруді қамтитын атом энергиясын пайдалану саласындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің экспортты мен импорттын бақылауды жүзеге асыру;
- 8) ядролық материалдар мен иондаушы сәуле көздерін мемлекеттік есепке алу мен бақылауды жүзеге асыру;
- 9) иондаушы сәуле көздерінің тізілімін жүргізуі жүзеге асыру;
- 10) өз құзыretі шенберінде иондаушы сәуле көздерінің, экспорттық бақылауға жататын өнімдердің және ұлттық қауіпсіздік мақсатында бақыланатын тауарлардың импорттын, экспортты мен транзитін келісуді жүзеге асыру;
- 11) атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызмет түрлерін лицензиялауды, және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялардың қолданылу шарттарының орындалуын тексеруді жүзеге асыру;

12) радиациялық қорғау жөніндегі ұлттық комиссияның қызметін қамтамасыз ету;

13) радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы нормалар мен қағидалардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

14) акцияларының мемлекеттік пакеттері иелігіне және пайдалануға берілген акционерлік қоғамдарға, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органның функцияларын заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;

15) республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындау;

16) республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарau және бекіту;

17) республикалық заңды тұлғалар мүлкінің сақталуын және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

18) тиісті саладағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серікtestіктердің даму жоспарларының орындалуын бақылау мен талдауды жүзеге асыру;

19) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға республикалық заңды тұлғага берілген немесе ол езінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін беру;

20) республикалық заңды тұлғаның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;

21) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша республикалық заңды тұлғаны қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыру;

22) республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың жыл сайын еңбекке ақы төлеу қорының мөлшерін, бірінші басшылардың, оның орынбасарларының және бас бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйақы беру жүйесін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге сыйақы төлеу жүйесін белгілеу;

23) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) заңнамада белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитеттің басшылығы Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын төраға жүзеге асырады.

17. Төраға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Төрағанның өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындау;

2) орынбасарлардың біріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кенсесінін Басшысына жіберіletін құжаттарға қол қою бойынша өкілеттіктерді жүктеу;

3) ведомстволар актілерінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтату немесе тоқтата тұру;

4) Комитетке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу және қол қою;

5) Комитетте сыйайлар жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар қабылдау және оған дербес жауапты болу;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Төраға болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Төраға өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Комитеттің мұлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болуы мүмкін.

22. Комитетке бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгесі көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті дербес иелікten шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 142 бұйрығына
5-қосымша

"Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін артыру саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөрттанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Комитеттің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған үәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Занды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 15-кіреберіс.

9. Мемлекеттік органның толық атауы –

мемлекеттік тілде - "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті" мемлекеттік мекемесі.

орыс тілде - государственное учреждение "Комитет государственного энергетического надзора и контроля Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

1) электр энергетикасы, энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

2) өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

1) электр станциялары, электр және жылу желілері энергетикалық жабдығының, сондай-ақ тұтынушылардың электр және жылу пайдалану қондырғыларының пайдаланылуын және техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің техникалық талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3) мыналарды:

электр және жылу энергиясының сапасы бойынша техникалық шарт талаптарының сақталуын;

өз құзыреті шегінде электр және жылу энергиясын пайдалану қағидаларының сақталуын;

электр және жылу энергиясын өндіру, беру, тұтыну режимдерін ұтымды және үнемді пайдаланылуын, онтайландыруды;

электр станцияларының, электр және жылу желілерінің күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығын мемлекеттік энергетикалық бақылауды жүзеге асырады;

4) энергия өндіруші ұйымдардың заңмен белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісім жасасу, онда көзделген инвестициялық міндеттемелерді орындау және уәкілетті органға олардың орындалуы туралы есепті жыл сайынғы ұсыну бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) энергия өндіруші ұйымдардың уәкілетті органға электр энергиясын өндіру және сату шығындары, өткен күнтізбелік жылда электр энергиясын өндіру және сату көлемі бойынша есепті жыл сайынғы ұсыну бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

6) энергия өндіруші ұйымдардың, келісімде келесі жылға көзделген инвестициялардың көлемі мен бағыттары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайынғы жариялау бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

7) энергия өндіруші ұйымдардың, келісімде өткен жылға көзделген инвестициялардың көлемі мен бағыттары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайынғы жариялау бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

8) энергия өндіруші ұйымдардың мемлекеттік органдардың өкілдерін, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерін, бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды шақыра отырып, көпшілік тыңдауларды өткізу туралы хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында көпшілік тыңдауларды өткізуден бұрын бес күнтізбелік күннен кешіктірмей жариялау арқылы келісімдерді орындау нәтижелері бойынша көпшілік тыңдауларды жыл сайынғы өткізу бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

9) энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық міндеттемелерді орындау туралы ақпаратты ұсыну бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

10) техникалық регламенттермен белгіленген талаптардың орындалуын Қазақстан Республикасының Зандарында айқындалған тәртіппен бақылауды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес энергия беруші ұйымдардың электр және жылу желілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектілердің қосылуын бақылауды жүзеге асырады;

12) белгіленген үлгідегі нұсқаманы береді немесе электр энергетикасы туралы заңнаманың анықталған бұзушылықтарын жою үшін электр энергетикасы объектілерінің басшыларына акт жасайды;

13) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды жасайды;

14) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1345 қаулысымен бекітілген Біртұтас электр жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларының б-тармағында көзделген технологиялық бұзушылықтарға тексеруді ұйымдастырады;

15) Қазақстанның біртұтас энергетикалық жүйесінің бірнеше бөліктерге бөлінуіне, тұтынушыларды электр және жылу энергиясынан жаппай шектеуге, ірі энергетикалық жабдықтың бұзылуына әкеп соққан электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жұмысындағы ірі технологиялық бұзушылықтарды тексерулерді есепке алуды жүргізеді;

16) электр энергетикалық кәсіпорындардың объектілер мен жабдықтың қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссияларының жұмысына қатысады;

17) электр станциялары, электр және жылу желілері энергетикалық жабдығының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдығының техникалық жай-күйін мерзімді тексеруді жүзеге асырады;

18) электр станциялары, электр және жылу желілерінің энергетикалық объектілерін техникалық жарақтандырудан кейін пайдалануға қабылдау комиссиясының жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның қызметіне қатысады;

19) заңнамада белгіленген құзыреттер шегінде энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысына әзірлігі паспорттарын береді;

20) энергия өндіруші ұйымдардың Инвестициялық міндеттемелерді орындау туралы келісімді орындауы туралы жылдық есепті ұсынуы кезінде олардың жабдығының техникалық жай-күйі туралы қорытындыларды береді;

21) 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды салудың техникалық мақсатқа сәйкестігі туралы қорытындыларды береді;

22) тұтынушыларды жүктемені өшірудің арнайы автоматикасына қосу жағдайларын келіседі;

23) қуаты жиырма бес мегаваттқа дейінгі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектіні немесе жылумен жабдықтаудың жалпы жүйесіне арналған жылу энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектіні салудың техникалық-экономикалық негізdemесін келіседі;

24) өз құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

25) өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияны қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы зандары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

26) электр және энергетикалық қондырғылардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру мақсатында электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және бөлуді жүзеге асыратын ұйымдардың техникалық басшыларының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруді ұйымдастырады;

27) энергетикалық ұйымдардың басшылары мен мамандарын аттестаттауды жүзеге асырады;

28) энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды аккредиттеуді жүзеге асырады;

29) Комитеттің құзыretі шегінде занға тәуелді актілерге құқықтық мониторингті жүргізеді.

30) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мыналарды:

Мемлекеттік энергетикалық тізілімге ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын;

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-тармағында көрсетілген объектілерден басқа, ғимараттар, құрылыштар мен үй-жайлардың энергия тиімділігі жөніндегі талаптардың орындалуын;

дара кәсіпкерлер мен занды тұлғалардың электр желілеріндегі энергия тұтыну нормативтері мен қуат коэффициентінің нормативтік мағыналарын сақтауын;

энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың энергоаудиті мен сараптамасын жүргізуді, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың энергоаудитін және (немесе) сараптамасын жүзеге асыратын кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша оку орталықтарына қойылатын талаптардың сақталуын, сондай-ақ энергоменеджмент жүйесін құруды, енгізуі және ұйымдастыруды;

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген өзге де талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

31) энергия үнемдеу саясатының орындалуын және занды тұлғалардың энергетикалық тиімділігін тексеруді бақылауды жүзеге асырады.

32) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында аккредиттеуді жүргізеді;

33) аккредиттеу туралы қуәлік алған занды тұлғалардың тізілімін жүргізеді;

34) Қазақстан Республикасының зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;
- 2) заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардыңлауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Комитеттің қызметін үйімдастыру

16. Комитеттің басшылығы Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын төраға жүзеге асырады.

17. Төраға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Төрағанның өкілеттіктері:

- 1) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындау;
- 2) орынбасарлардың біріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кенсесінің Басшысына жіберілетін құжаттарға қол қою бойынша өкілеттіктерді жүктеу;
- 3) ведомстволар актілерінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтату немесе тоқтата тұру;
- 4) Комитетке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу және қол қою;
- 5) Комитетте сыйайлар жемқорлыққа қары күрес бойынша шаралар қабылдау және оған дербес жауапты болу;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Төраға болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Төраға өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Комитеттің мұлқі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлқі болуы мүмкін.

22. Комитетке бекітілген мұлік республикалық меншікке жатады.
23. Егер заңнамада өзгесі көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітілген мұлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 142 бұйрығына
6-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа
технологиялар министрлігінің
Туризм индустріясы комитеті" мемлекеттік мекемесі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустріясы комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Комитет) туристік қызметі саласындағы іске асыру, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру аясында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөрттанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Комитеттің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бүйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Орынбор көш., 8-үй, 1-кіреберіс, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты.

9. Мемлекеттік органның толық атауы –

мемлекеттік тілде - "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Туризм индустриясы комитеті" Мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде- государственное учреждение "Комитет индустрии туризма Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан".

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру респубикалық бюджеттен жүзеге асырылады

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Міндеттері:

- 1) туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялары:

- 1) туристік қызмет, туризм және туристік индустрия салаларындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 2) туристік қызмет саласындағы салааралық және өнірааралық үйлестіруді, туристік қызметті жүзеге асыратын отандық, шетелдік және халықаралық туристік, қоғамдық және басқа да ұйымдармен, тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;
- 3) туристік қызмет саласындағы стандарттау аясындағы қызметті реттейді;
- 4) Қазақстан мен оның туристік мүмкіндіктері туралы ақпаратты халықаралық туристік нарықта және мемлекет ішінде, оның ішінде туристік қызмет саласындағы

респубикалық және халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер өткізу жолымен таратады;

5) өз құзыretі шегінде туристік қызмет саласындағы халықаралық шарттарды орындауды, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда және халықаралық іс-шараларда мемлекеттің туризм саласындағы мүдделерін білдіреді және олардың жұмысына қатысады;

6) туристік қызмет саласындағы заңнаманы қолдану тәжірибесін қорытып жинақтайды және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

7) туристік салаға инвестициялар тарту жөніндегі бірыңғай саясатты іске асыруға қатысады;

8) Қазақстан Республикасының туристік қызмет туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

9) "Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндеттін туроператордың және турагенттің орындаудына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

10) туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды және туристерді уақытша болатын елдегі (жердегі) ықтимал қауіптер туралы хабардар етеді;

11) соттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап-арыздар береді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес туризм қызметін лицензиялауды жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыretі шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) заңнамада белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардыңлауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитеттің басшылығы Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын төраға жүзеге асырады.

17. Төраға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Төрағанның өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындау;

2) орынбасарлардың біріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кенсесінін Басшысына жіберілетін құжаттарға қол қою бойынша өкілеттіктерді жүктеу;

3) ведомстволар актілерінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтату немесе тоқтатау түрү;

4) Комитетке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу және қол қою;

5) Комитетте сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар қабылдау және оған дербес жауапты болу;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Төраға болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Төраға өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Комитеттің мұлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мұлкі болуы мүмкін.

22. Комитетке бекітілген мұлкі республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгесі көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітілген мұлкіті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлкіті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің

2014 жылғы 30 сәуірдегі

№ 142 бұйрығына

7-қосымша

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің аумақтық органы – тиісті өндіраралық геология және жер қойнауын пайдалану өндіраралық департаменті туралы

ЕРЕЖЕ

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а 15.10.2014 № 67 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 142 бұйрығына
8-қосымша

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің аумақтық органы – тиісті облыстар, Астана, Алматы қалалары бойынша департаменті туралы

ЕРЕЖЕ

Ескерту. 8-қосымшаның күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2014.10.17 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 142 бұйрығына
9-қосымша

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің аумақтық органы – тиісті облыстар, Астана, Алматы

қалалары бойынша аумақтық департаменті туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің аумақтық органы электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы бақылау және іске асыру функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылатын Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің тиісті облыстар Астана, Алматы қалалары, бойынша аумақтық департаменті (бұдан әрі – Департамент) болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына, заңдарынамалар мен басқа да құқықтық актілеріне, Комитеттің бұйрықтары мен өкімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент ұйымдастырушылық – құқықтық нысандағы мемлекеттік мекемесінің – заңды тұлғасы болып табылатын, мөрі және мемлекетті тілдегі өз атауы көрсетілген штампы, белгіленген ұлғідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінде шоты бар

4. Департамент өзінің атынан және Комитет атынан өкілетті болған жағдайда азаматтық – құқықтық қатынастарға түседі.

5. Департаменттің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрығымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Аумақтық органдың құрылымы мен штат саны Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрімен келіскеннен кейін, Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің жауапты хатшысы бекітеді.

8. Департаменттің толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Астана, Алматы қалалары, тиісті облыстар бойынша аумақтық департаменті" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – государственное учреждение "Территориальный департамент Комитета государственного энергетического надзора и контроля Министерства

индустрии и новых технологий Республики Казахстан по соответствующей области, городов Астаны, Алматы".

9. Департаменттің заңды мекенжайы:

10. Департамент құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті тұлғасындағы мемлекет болып табылады. Департаменттің құрылтай құжаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі туралы ереже және осы Ереже болып табылады.

11. Департаменттің қызметтерін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

13. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Міндеттері:

1) электр энергетикасы, энергия үнемдеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) электр станциялары, электр және жылу желілері энергетикалық жабдығының, сондай-ақ тұтынушылардың электр және жылу пайдалану қондырғыларының пайдаланылуын және техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің техникалық талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

3) мыналарды:

электр және жылу энергиясының сапасы бойынша техникалық шарт талаптарының сақталуын;

өз құзыреті шегінде электр және жылу энергиясын пайдалану қағидаларының сақталуын;

электр және жылу энергиясын өндіру, беру, тұтыну режимдерін ұтымды және үнемді пайдаланылуын, оңтайландыруды;

электр станцияларының, электр және жылу желілерінің күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығын мемлекеттік энергетикалық бақылауды жүзеге асырады;

4) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында мыналарды:

Мемлекеттік энергетикалық тізілімге ұсынылатын ақпараттың дұрыстығын;

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-тармағында көрсетілген объектілерден басқа, ғимараттар, құрылыштар мен үй-жайлардың энергия тиімділігі жөніндегі талаптардың орындалуын;

дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың электр желілеріндегі энергия тұтыну нормативтері мен қуат коэффициентінің нормативтік мағыналарын сақтауын;

энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың энергоаудиті мен сараптамасын жүргізуі;

"Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерде белгіленген өзге де талаптардың сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) энергия үнемдеу саясатының орындалуын және заңды тұлғалардың энергетикалық тиімділігін тексеруді бақылауды жүзеге асырады;

6) энергия өндіруші ұйымдардың заңмен белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісім жасасу, онда көзделген инвестициялық міндеттемелерді орындау және уәкілетті органға олардың орындалуы туралы есепті жыл сайынғы ұсыну бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

7) энергия өндіруші ұйымдардың уәкілетті органға электр энергиясын өндіру және сату шығындары, өткен күнтізбелік жылда электр энергиясын өндіру және сату көлемі бойынша есепті жыл сайынғы ұсыну бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

8) энергия өндіруші ұйымдардың, келісімде келесі жылға көзделген инвестициялардың көлемі мен бағыттары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайынғы жариялау бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

9) энергия өндіруші ұйымдардың, келісімде өткен жылға көзделген инвестиациялардың көлемі мен бағыттары туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайынғы жариялау бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

10) энергия өндіруші ұйымдардың мемлекеттік органдардың өкілдерін, тұтынушылар мен олардың қоғамдық бірлестіктерін, бұқаралық ақпарат құралдарын, сондай-ақ тәуелсіз сарапшыларды шақыра отырып, көпшілік тыңдауларды өткізу

туралы хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында көпшілік тыңдауларды өткізуден бұрын бес қүнтізбелік қүннен кешіктірмей жариялау арқылы келісімдерді орындау нәтижелері бойынша көпшілік тыңдауларды жыл сайынғы өткізу бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

11) энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық міндеттемелерді орындау туралы ақпаратты ұсыну бойынша талаптарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

12) техникалық регламенттермен белгіленген талаптардың орындалуын Қазақстан Республикасының Зандарында айқындалған тәртіппен бақылауды жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес энергия беруші ұйымдардың электр және жылу желілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектілердің қосылуын бақылауды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1345 қаулысымен бекітілген Біртұтас электр жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларының бармағында көзделген технологиялық бұзушылықтарға тексеруді ұйымдастырады;

15) Қазақстанның біртұтас энергетикалық жүйесінің бірнеше бөліктерге бөлінуіне, тұтынушыларды электр және жылу энергиясынан жаппай шектеуге, ірі энергетикалық жабдықтың бұзылуына әкеп соққан электр станцияларының, жылу және электр желілерінің жұмысындағы ірі технологиялық бұзушылықтарды тексерулерді есепке алууды жүргізеді;

16) электр энергетикалық кәсіпорындардың объектілер мен жабдықтың қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссияларының жұмысына қатысады;

17) электр станциялары, электр және жылу желілері энергетикалық жабдығының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдығының техникалық жай-күйін мерзімді тексеруді жүзеге асырады;

18) электр станциялары, электр және жылу желілерінің энергетикалық объектілерін техникалық жарақтандырудан кейін пайдалануға қабылдау комиссиясының жұмысына жалпы басшылықты жүзеге асырады және оның қызметіне қатысады.

19) тұтынушылардың белгіленген қуаты 100 кВт жоғары электр қондырғыларының электр желілеріне қосылуға рұқсат береді;

20) заңнамада белгіленген құзыреттер шегінде энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысына әзірлігі паспорттарын береді;

22) 110 кВ және одан төмен және 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қосалқы (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды салудың техникалық мақсатқа сәйкестігі туралы қорытындыларды береді;

23) тұтынушыларды жүктемені өшірудің арнағы автоматикасына қосу жағдайларын келіседі;

24) қуаты жиырма бес мегаваттқа дейінгі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектіні немесе жылумен жабдықтаудың жалпы жүйесіне арналған жылу энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша объектіні салудың техникалық-экономикалық негізdemесін келіседі;

25) өз құзыretі шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияны қорғау, азаматтық қорғаныс, жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы зандары мен өзге де нормативtік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

26) электр және энергетикалық қондырғылардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру мақсатында электр және жылу энергиясын өндіруді, беруді және бөлуді жүзеге асыратын ұйымдардың техникалық басшыларының техникалық пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік қағидаларын білуіне біліктілік тексеруді ұйымдастырады;

27) электрлік зертханаларды аккредиттеуді жүзеге асырады.

28) Қазақстан Республикасының зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыretі шегінде орындауға міндетті нормативtік құқықтық актілерді қабылдайды;

2) заңнамада белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратады және алады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

17. Департаменттің басшылығы Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. Департаментінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. Департаментінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. Департаментінің басшысының өкілеттіліктері:

1) өз орынбасарларының өкілеттіктерін айқындау;

2) орынбасарлардың біріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кенсесінің Басшысына жіберілетін күжаттарға қол қою бойынша өкілеттіктерді жүктеу;

3) ведомстволар актілерінің қолданылуын толық немесе ішінара тоқтату немесе тоқтата тұру;

4) Департаментке келісуге келіп түскен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келісу және қол қою;

5) Департаментте сыйайлас жемқорлыққа қарсы құрес бойынша шаралар қабылдау және оған дербес жауапты болу;

6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Департаментінің басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Департаментінің басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4. Департаменттің мүлкі

22. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

23. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгесі көзделмесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе өзге тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

5. Департаментті қайта үйымдастыру және тарату

25. Департаментті қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
2014 жылғы 30 сәуірдегі
№ 142 бұйрығына
10-косымша

**"Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар
министрлігі Туризм индустріясы комитетінің аумақтық
департаменті-**

"Бурабай" арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі" аумақтық

**органы туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескеरту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.10.24 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК